Бекітемін
«Moldir Merke»
бөбекжай бақшасының
меңгерушісі:
Байтемирова Р.Д.

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасының

2022 – 2023 оқу жылындағы меңгеруші жанындағы кеңесжоспары

№	Мерзімі	Күн тәртібі	Жауаптылар
1	Қыркүйек	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы 2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық 3.Мониторинг- 2022 өзгешеліктерімен таныстыру 4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту 5. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту	Меңгеруші: Байтемирова Р.Д
2	Қараша	1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде 2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы 3.«Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу 4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасының бекіту	Меңгеруші: Байтемирова Р.Д Әдіскер Суюмбаева М.К
3	Желтоқсан	1.Жаңа жылдық мерекелерге дайындық. 2. Өрт қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық, бұйрықтармен таныстыру.	шаруашылық меңгерушісі Байтемирова Р.Д
4	Наурыз	1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде 2. Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту. 3. Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділері драмалауға қатысуы, Салыстырмалы тексеру қорытындысы.	Меңгеруші: Байтемирова Р.Д
5	Мамыр	1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде 2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту 3.Өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау. Салыстырмалы тексеру қорытындысы.	Меңгеруші: Байтемирова Р.Д

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы

«29» 08.2022 ж. Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3.Мониторинг- 2022 өзгешеліктеріментаныстыру
4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту
5. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту

1. **Тындалды**: Балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шолу тексерудің қорытындысына тоқталып өтті.

Біздіңбасты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту-қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру. жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыруарқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуды дамыту моделі. Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеудедемек, педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлерімен тілектерін ескере отырып, олардың еріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді. Шолу тексеру нәтижелері орташадеп бағалаймын, толықтырулар қажет етеді. Аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізудітапсырды.

2. Тыңдалды:Балабакша меңгерушісі: Байтемирова Р.Д Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде тоқталып кетті:

Балабақшаның алдына қойылған міндеттерінің бірі- тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеумен оқыту процесіне ата- аналарды тартуымыз қажет. Осы екі мәселеге сүйенейік:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметінен арту. Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іскеасыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процескебелсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқақол жеткізу үшін: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым- қатынас орнату;- балаларды дамытумен тәрбиелеу үшін отбасымен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру; консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту; Ата-аналармен жұмыста тренингтер, семинарлар, «игіістеркүндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата- аналар конференциясы, дәстүрліемес қарым-қатынаснысандары түрінде өтетіната-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берді.

3. Тындалды:

Балабақша әдіскері Суюмбаева М.К Мониторинг-2022 өзгешеліктері мен таныстырып өтті:

Баланың даму динамикасы туралы ақпараталу үшін диагностика Негізінде, Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі. Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс- шаралары қазан -желтоқсан, Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары, ақпан сәуір қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзетуіс-шаралары жүргізіледі. Мониторингтің мақсаты:

- Баланың жетістіктерін қадағалау;
- Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзетуіс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

4. Тындалды:

Балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекітті және тіл мерекесіне мектепалды даярлық топ бүлдіршіндерімен тілдік интелектуалды сайыстар ұйымдастыруды тапсырды.

5. Тындалды:

Балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д жаңа 2022-2023 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

№	Топ атауы	Бала саны	Тәрбиешілері
1	«Балапан»кіші жас	25	Сералиева Г Шаукетова А
2	«Радость» кіші жас	25	Рызаева Г. Таубаева Ж
3	«Құлыншақ» орта жас	25	Сугурова К Ешентаева Қ
4	«Рамашка» орта жас	25	Токтогулова Т Мустафа З
5	«Қарлығаш» ересек	25	Шөпшекбай С
6	«Солнышко»ересек	25	Рахымжанова А Чичулина К

Қаулы:

1. Шолу тексеру нәтижелеріндеталған басымдықтарды,талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу. Жауаптылар:Әдіскер: Суюмбева М К , тәрбиешілер

2. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата- аналарды тарту мақсатында 20-қыркүйек күніне жалпы ата-аналар жиналысын шақыру. Жауапты: Суюмбаева М Кожаханова

3. Балалардың жетістіктерін қадағалау, тәрбиелеу мен дамытуда жекетәсілдерді қамтамасыз ету, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұның меңгеру мақсатында кезендерімен жүргізу .Жауаптылар: Суюмбаева м Кожаханова, тәрбиешілер .

4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесін жауапкерешілікпен атап өткізілсін. Жауаптылар: Музыка жетекшісі Серікбаева А , тәрбиешілер.

5. 2022-2023 оқу жылындағы бекітілген тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне сай топтағы оқу-тәрбие үдерісі жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылсын. Жауаптылар: Суюмбаева М. Кожаханова , тәрбиешілер

Төрайымы: **Байтемирова Р.Д**

Хатшысы: **Токтогулова Т**

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 2 хаттамасы

18.11. 2022ж. Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1.Өткен кеңестіңқаулысының орындалуы жөнінде
2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы
3.«Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу
4. Тәуелсіздіккүні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасынын бекіту

1. Тындалды:
1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде музыка жетекшісі Серікбаева А сөз алды: Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Шөпшекбай Сымбаттың ұйымдастыруы мен бүлдіршіндерімен тілдік интелектуалды сайыстар ұйымдастырылды.

«Алтын күз» мерекесінде концерттік балалар мерекені сезінердей зал безендірілді, көкөністер мен жемістерден көрме ұйымдастырылды. Бағдарламасында әсемде, молшылық белгісі күз жылмезгіліне сай әндер, билер, сахналық қойылымдар, флешмобтар болды.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі Байтемиорва Р.Д топтарда Жыл мезгілдеріне арналған көрменің әдемілігін, тақырыбын, мазмұнының сапасын өте жақсы деп бағалап өтті.

2. Тындалды:
Балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» тақырыбында өткен шолу тексеру қорытыңдысына баға беріп өтті: Балаларды тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту мақсатында, өсімдіктердің тірітіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық
Байланыстарды ажырату мақсатында, еңбекке баулу мақсатында топтарда табиғат бұрышы бар. Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, Гүлдердің күншыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылумен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа- райынсезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шанын сүрту балаларға көп куаныш сыйлайды.
Ұсыныстар:бөлме гүлдерінкөбейту, терезе алдыңдағы көшеттер отырғызу пияз, қызылша, сарымсақ егу, бақылау жасау.

3. Тыңдалды:
Балабақша меңгерушісі: Байтемирова Р.Д балабақшада ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күніне орай Ашық есік күнін өткізуді, тақырыпқасай топ тәрбиешілері ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, мерекелік концерттік бағдарламасын құру, көрме ұйымдастыруды әдіскер Суюмбаева М. К тапсырды. Желтоқсанның ішінде «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу жоспарланды.

4. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: Байтемирова Р.Д Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекітті. Педагогтерге жауапкершілікпен өткізу, балаларға жағдай жасалу, қауіпсіздік туралы тапсырмалар берілді.

5. Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Суюмбаева М.К педагогтарды «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының нұсқаулығымен таныстырып, педагогтарға оңдағы ұсынылған материалдардың мазмұнын, тиімділігі, барлық ертегілер, ойындар сілтемеде берілгенін, оқу тәрбие ісіне ендіруді, пайдалануды тапсырды.

Қаулы:

1. «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» тақырыбында өткеншолу тексеру қорытындысында берілген ұсыныстар түзетілсін. Жауаптылар:тәрбиешілер
2. Желтоқсанның ішінде «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу тәрбиешілер, музыка жетекшісі Д.Сейлхановаға
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларда қауіпсіздік ережесін сақтау.Жауаптылар: Барлық педагогтар
4. Педагогтар 2022 жылғы 23 қарашадағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының нұсқаулығымен жұмыс жүргізу, оқу тәрбиеісіне ендіру, пайдалану. Жауапты: тәрбиешілер

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы

20.01. 2023ж. Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1) Жана жыл мерекесіне дайындық

2) Өрт қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық, бұйрықтармен таныстыру.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д сөз сөйледі.

Балабақшамызда жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізілді. Топ бөлмелері мерекеге орай безендіріліп, терезелеріне түрлі суреттер салынды.

Жоғарғы және төменгі фаелерге мерекеге орай түрлі ойыншықтар ілініп, безендіру жұмыстары жүргізілді. Жаңа жыл мерекесін өткізілуіне арналған орын акт залына шырша ағашы құрылып, түрлі ойыншықтармен және жарық шамдармен безендірілді. Балабақша ұжымы жаңа жыл мерекесіне арналған дайындық жұмысына толық атсалысты.

Екінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі А.Тойтанова сөз сөйледі.

Өрт қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен балабақша қызметкерлерін таныстырып, қолдары қойылды. Мерекелік іс-шара барысында балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында электор көзіне қосылған тоқтардың жұмыс жасауын, олардың адам өміріне қауіпсіздік әкелмеуін алдын-ала толық тексеріп шығу, және балабақшаға жарылғыш заттар әкелуге болмайтыны жөнінде мәлімделді, нұсқаулықпен толық таныстырылды.

Қаулы:

1) Жана жыл мерекесіне дайындық қанағаттанарлық деп есептелсін.

2) Өрт қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен таныстыру қанағаттанарлық деп есептелсін.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 4 хаттамасы

30.03.2023 ж. Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
3.Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділері драмалауға қатысуы, Салыстырмалы тексеру қорытындысы.

Тыңдалды: Өткен кеңестің қаулысының орындалуы жөнінде

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д мектепке дейінгі жастағы балаларға сюжеттік, рөлдік ойындар баланың тұлғалық, интелектаулдық, психологиялық дамуында жетекші орын алады. Апталық жоспарда жоспарланып, түрлендіріп отырамыз. Қажетті құралдармен толықтырылып отырамыз. Балаларды 3-4 жаста сенсорлық үдерісінің жаңа қасиеттері қалыптасады. Түстерді ажыратып, пішіндерді атап, түстей алады. Сонымен бірге кіші жастағы балаларда кеңістік, уақыт, сан туралы түсініктер қалыптаса бастайды. Ауа райындағы құбылыстарды байқап, оның себеп салдарын іздей бастайды және моторлық қызметтері қарқынды дамиды. Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруда жұмыстар жүргізіліп, қадағалануда.

Және де қол еңбегінен бүктеу, жырту, умаждау, ұсақ-түйектерді қолдан жасауды үйренеді. Балалар жас ерекшелігіне сай, сызықтарды, пішіндерді, түсті дақтарды, жағуларды қолданып қарапайым сюжеттер бейнелейді. Үш жасар бала ұзақ әңгімені тыңдай алмайды, бірақ мүсіндеуге, жапсыруға, сурет салуға ынтығады, соңы ескеруіміз қажет. Жалпы балалардың жан-жақты дамуы, ойын еңбек, серуен кезінде қарқынды жүреді. Сондықтан серуен әр жыл мезгіліне сай жоспарланып, бақылауға табиғат құбылыстары, өзгерістерін байқауға балалардың назарын аударып, ол өзгеріп тұратының, себеп-салдарын, салыстыра отырып түсіндіру қажет, әрбір өзгеріс балаға жаңалық, қызық

Тыңдалды: Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.

Сөйледі: тәрбиеші Сугурова К мен тобымда ата-аналардың қатысуымен «Супер мама» сайысын жоспарлап отырмын. Жоспарымда 6 бөлім бар:

1.Таныстыру.
2. Өз өнері
3. Халықтық педагогика (ертегі, аңыз әңгіме, мақал-мәтелдер) айту.
4. Қол өнері. Қуыршаққа ұлттық киімдер тігу.
5. Попури ән немесе би
6. Ойын аналармен

әдіскер Суюмбаева М.К сайыс бағдарламасын осы қалпында қалдыруға келісемін. Тек ата-аналармен ұйымдасқан түрде жұмыс жүргізу қажет деді. Кеңестер беріп,

Сөйледі: Серікбаева А ән таңдауда, ертегіні айтқанда жандыру үшін, әнді сазгермен біріге отырып сүйемелдеуімен көмек етуіміз қажет. Әділқазылар алқасын ата-аналар комитетінен алып сайлауды ұсынамын.

Сөйледі: тәрбиеші Сугурова К «Аналар мерекесі» атты бағдарламасымен таныстырды.

Ән «Құттыттаймын мама, туған күніңмен» Гүлдер, аналар туралы тақпақтар
Көктем аруы қонаққа келіп қыздармен «бақ-бақ» гулмен би билейді
Көктем жыл мезгілдері туралы сұрақ-жауап, ойын ұйымдастырады.
Саңырауқұлақтар ұлдар биі
Орыс халық биі
Фобия ата-аналармен ойын
Грузин биі
Ата-аналармен ойын «Попури»

Сонымен бірге басқа да топ тәрбиешілері багдарламаларымен таныстырды. Бағдарламалар талқыланып, бекітілді. Сазгер, хареограф, тәрбиешілерге жауапкершілікпен қарап, балалар түгел қамтылып, қатыстырылуын, ата-аналармен байланысып, жағдай жасалып, безендірулер жөнінде айтылды. Жыл басы Наурыз мерекесі жөнінде де айтылып, дайындықтар жасалды. Күн жылынған соң таза ауада аулада наурыз тойын тойлау, ұлттық би, ән, ойындар, салт-дәстүрден тұсау кесер көрсетсек деп жоспарланды. Ауланы кілем төсеп, ұлттық оюлы көрпешелер, төсеніштер төсеп күрес, арқан тарту, көрмелер мен наурыз көже пісіру ұйымдастырылатын болды.

Тыңдалды: Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы, Салыстырмалы тексеру қорытындысы.

Сөйледі: Суюмбаева М.К бес білім беру саласының «Қатынас» білім саласының мақсаты

ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген мемлекеттік және өзге де тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара дайын, айналадағылармен қарым-қатынасқа қабілетті мектеп жасына дейінгі көп тілді тұлға тәрбиелеу: Балабақша күн тәртібіндегі, ұйымдастырылған ойындар сабақтарда балалардың дұрыс сөйлеуге қызықшылығы шығарманың сипаты мен мәтініне сәйкес екпін қоя білу мәнерлі дамиды. Сонымен қатар, өзінің ойы мен сезімін еркін жеткізу қабілеттері, шығарманың негізгі мазмұнын және өзінің өмірінен де қызықты жайттарды айта білу шеберлігі қалыптасып дамиды. Әрбір педагог, ата-ана балалардың әңгімесіне салғырт қарамау керек. Сол үшін баланың алдында бейнелі сөйлеп, дұрыс сөйлеуге шақыру қарау, қадағалау, үйретуді мақсат етуі тиісті.

Жүргізілген салыстырмалы тексеруге тоқталсам, әрине балалардың жас ерекшелігіне қарай бағалағым келеді.

Кіші топтар сөйлеуге қарағанда орындаған рөлдерін сөзден гөрі қимыл іс- әрекетпен көрсетіп, содан өздері қуаныш пен лаззат алатындай болды. Сөздерді дұрыс айтуға ұмтылған тілдерінің өзі тәтті, былдырлап анық айтқысы келеді, күрделі сөйлемдер де сасқалақтап, сөздерді ауыстырып, шылаулар, жалғаулар дұрыс алынбады. Әрине өсе келе ақылы, тілі дамиды. Біз соған жақсы сөйлеп, себепкер болуға әрекет етейік.

Ортаңғы топтарда шағын рөлдерді жатқа айтады, сөздерді шығарма сипатына, мәтініне қарай өзгертуге көп көңіл бөлген қажет. Импровизация өз сөзін сезімін қосып сөйлеуге, қимыл іс-әрекеттерге тәрбиелеу керек. Бұл топтағы балаларға қуыршақ театры да ұнайды. Ертегілерді қайта айтып беруге де, жартысынан көбі үйреніп қалған. Жеке жұмыспен, ата-аналармен нығайтуды тапсырамын.

Ересектер тобында балалар әлдеқайда балалар өздерін еркін ұстап, рөлдерді өздері бөлісіп, әдеби шығармалар мен ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы жақсы ұнады. Бұл топта балалар халық ауыз әдебиетіне, өзге тілдерге

қызығушылықтары бар. тіптен ересектермен, құрдастарымен кең тілдік қатынас жасап, шығарма кейіпкерлері жөнінде өз ойын айтып, талқылауға да бейімделіп қалған. Бұл топта да сол рөлге енгенде бала өз сөзін көбірек қосып, әртістік қабілетін дамытудыайтар едім.

Қаулы:

1. Өткен кеңес қаулысының орындалуы қадағалансын.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріне арналған мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін. Жауапты: әдіскер Суюмбаева М.К, сазгер Серікбаева А.
3. Тексеру қорытындысындағы ұсыныстарды, тапсырмаларды жоспарлап, жұмысты нығайту, толықтыру.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

«Moldir Merke» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 5 хаттамасы

31.05. 2023 ж. Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестіңқаулысының орындалуы жөнінде
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту
3.Өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау. Салыстырмалы тексеру қорытындысы.

Тыңдалды: Өткен кеңестіңқаулысының орындалуы жөнінде

Сөйледі; балабақша меңгерушісі балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде өмірлік іс-әрекеттер мен тәрбиесі ұйымдастырылуда мемлекеттік және ана тілін үйрете отырып, ересектермен, құрдастарымен қарым- қатынас жасауға қабілетін дамытудамыз. Таңертеңгілік баланы қабылдау кезінде таңертеңгі жаттығуға дейін, балалар біртіндеп келе бастайды, ұйқысы жақсы ашылмаган, ойынға онша құлқы жоқ. Қимылы аз ойындар мен сөздік ойындар. санамақтар, үстел үсті театры, кіші қойылымдар, сахналау, халықтық педагогиканы жоспарлау, жүргізудеміз.

Сонымен бірге балалардың тілі, қиялы, шығармашылығы қоршаған ортамен таныса отырып, дамиды. Заттардың түрін, түсін көлемін, пішінін топтап ажыратуда сөздік қоры, сөздерді байланыстырып сөйлеуі, шығармашылық, тілдік қызметі дамиды. Демек серуенде, топта көп нәрсеге мән беруіміз қажет. Тәрбиеші баланың жас ерекшелігіне сай, тиімді, түсінікті, қызықты, ыңғайлы ұйымдастыруды тапсырамын.

Күннің II жартысында балалардың сүйікті ойындары сюжетті рөлді ойындар. ертегілерді сахналау, драмалау, таңымдық ойындар мен вариативтік компоненттер жоспарлануда. Өткізілген ойындар құрғақ емес, мазмұнда көрнекіліктерімен өткізілуі тиісті. Өткен іс-шаралар балаға қауіпсіз, ыңғайлы да, жайлы болуын ескеріңіздер.

Тыңдалды: Жазғы маусымға арналған сауықтыру шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д сөз алды. Жазғы маусымда өткізілетін іс әрекет кестесінің жүктеме саны 5-еу, әр күні бір іс әрекеттен оның 2-еуі дене шынықтыруға берілді, себебі бала көп ойнап, қимыл іс-әрекеті даму қажет физикалық дамуда таза ауада көп жүріп көп қыдыру, шынықтырулар жоспарлы түрде өтуі керек. Ауа және кун ванналары, құммен ойын, жалаң аяқ жүру, бассеинде шомылу қимылды ойындар өткізілуі тиіс. Жазда балалармен мерекелік іс-шаралар жоспарлануда «Сәлем жаз», Туылған күндер, ертегі сахна сахналау. Күн. Ауа. Сумен достасу құстарға өсімдіктерге бақылау жасап серуенге шығу. Спорттық мерекелер «Сиқырлы доптар», «Көбелектер», «Кім жүйрік» атты іс-шаралар жоспарлануда, жоспар бойынша белгіленген жауапты қызметкерлер жауапкершілікпен өткізуін тапсырамын. Балалардың күннің аптап ыстығынан қорғалуы, өткізілген іс-шаралар қауіпсіз, қолайлы да ыңғайлы өткізілуін мейірбике Ахтай Алтынайға тапсырамын деді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Байтемирова Р.Д «Балаларды өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау» атты кіші топтарында өткен

салыстырмалы тексерулер қорытындысымен таныстырды кіші топтарда балалардың өздері мен отбасылық білімін, ойларын тиянақтауда әрине біріншісіндегигиеналық іс-шараларда, дене шынықтыру сабақтарында көңіл бөлінген. Жуынып, киіну, жаттығу кездерінде дене мүшелері аталады. Мысалы: Ауызға кез-келген затты салмау, құлаққа тықпау, қолмен ыстық қауіпті заттарды ұстамау биіктен секірмеу аяққа зиян, үштік заттардан абай болу көзіңе кіреді деп айту арқылы. Бұл іс-әрекеттер арқылы, өзінің адам екенін, тазалық денсаулық керек екенін түсінеді. Балалардың өмірін ұйымдастыру апталық жоспарда жасалған отбасылықтүсінік беруде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде отбасы туралы санамақтар, тақпақтар, ойындар жоспарланған. Мысалы: «Қуыршақты тамақтандыру», «Асхана», «Отбасы», «Қонаққа бару» «Қуыршақты ұйықтату» ойындарында анам сорпа береді, әкем үй салады, ағам отын жарады, атам газет оқиды, әпкем гүлге су құяды»отбасылық татулық, отбасылық мүшелер өз қызметі балаларға деген үлкендер қамқорлығы, үлкендердің еңбегін сыйлау, құрметтеуі орыналады. Отбасы бейнеленген суреттермен әңгіме жоспарланған.

Ұсыныс: Ата-аналармен байланысты көбейту, отбасылық білімін жетілдіруде балалармен әңгімелер өткізуге кеңес беру, ұсыныс жасау. Өзі, ата-аналары отбасының басқада мүшелерінің аты-жөнін атай білуге және өзінің туыстары жөнінде әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Жалпы басқа топтарда да балалардың батыл да еркін өзі және отбасы мүшелеріжөнінде әңгімелеп беруге үйренуін қадағалауға алуды тапсырамын. Әлеумет саласының мақсат-міндеттерін оқуды, ізденуді тапсырамын.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулысының орындалуы қадағалансын.
2. Мерекелік іс-шаралардың өту деңгейі жақсы деп бағалансын.
3.Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
4.Салыстырмалы тексеру жоспарланып, қадағалауға алынып тексерудің ұсыныстары жалғасын тапсын.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т